

2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 30 наурыздағы № 63 қаулысы. Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2011 жылдың 13 сәуірде № 3-5-128 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 28 мамырдағы № 84 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық әкімдігінің 2012.05.28 № 84 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңының 19, 20, 23-баптарына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 наурыздағы № 250 «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 Жарлығын іске асыру туралы» қаулысына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабының 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Ырғыз ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтар 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құрамаларының қатарына мерзімді әскери қызметке шақырылсын.

2. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру жөніндегі аудандық шақыру комиссиясының құрамы осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Селолық округтер әкімдері мен меншік нысанына қарамастан аудандық ұйымдардың басшылары өз құзыреттері шегінде азаматтардың мерзімді әскери қызметке шақырылуын уақытылы және ұйымшылдықпен өткізу мақсатында:

1) әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтардың шақыру учаскесіне толық және уақытылы келуін;

2) әскерге шақырылушыларды тасымалдауды селолық округтер әкімдері аппараттары өкілдерінің алып баруын;

3) аудандық шақыру комиссиясына қажетті құжаттарды дайындап, тапсыруды қамтамасыз етсін.

4. Ырғыз аудандық орталық ауруханасының бас дәрігеріне (Ж.Сүлейменов): медициналық комиссияның жұмысын, мерзімді әскери қызметке шақырылушы азаматтардың сапалы куәландырылуын бақылауға алу;

Аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің медициналық комиссиясын маман дәрігерлермен, орта дәрігерлік қызметшілермен жасақтау шараларын қабылдау ұсынылсын.

5. Ырғыз ауданы ішкі істер бөліміне (М.Бижанов): әскери қызметке шақырудан бұлтартқан азаматтарды іздеу, облыстық жинақтау пунктіне жіберу кезінде шақыру пункттерінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету;

Ырғыз ауданы қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің аумағында полиция қызметкерінің кезекшілігін ұйымдастыру ұсынылсын.

6. Ырғыз аудандық ішкі саясат (Ж.Таңқаев), мәдениет және тілдерді дамыту (Н.Жүсіп) бөлімдері шақыру кезеңінде әскери қызметке шақырылушы жастармен тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастыруға және өткізуге белсенділікпен қатысып, әскери қызметке шақырылушылардың соғыс және еңбек ардагерлерімен кездесулерін және оларды салтанатты шығарып салу рәсімін ұйымдастырсын.

7. Ырғыз аудандық қаржы бөлімі (Ә.Аяпберген) 2011 жылға арналған аудандық бюджетпен белгіленген мөлшерде азаматтарды шақыруды ұйымдастыру шараларын қаржыландыруды жүргізсін.

8. Ырғыз ауданы қорғаныс істері жөніндегі бөліміне (М.Ыбраев) әскери қызметке шақырылушыларды облыстық жинақтау пунктіне жіберу үшін автокөлік ұйымдастыру;

азаматтарды әскери қызметке шақырудың барысы туралы 2011 жылдың 30 маусымына және 20 желтоқсанына аудан әкімдігін хабардар ету ұсынылсын.

9. Аудандық шақыру комиссиясының мүшелерінің, медициналық және техникалық қызметкерлердің міндеттерін атқару уақытында жұмыс орны, қызметі және орташа жалақысы сақталсын.

10. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Шахинге жүктелсін.

11. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі

Б і р ғ ы з а у д а н ы н ы ң

әкімі М.ДУАНБЕКОВ

Б і р ғ ы з а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң
2 0 1 1 ж ы л ғ ы « 3 0 » н а у р ы з д а ғ ы
№ 63 қаулысына қосымша

**2011 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында
азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру жөніндегі аудандық
шақыру комиссиясының
ҚҰРАМЫ**

Ыбраев Манас	Бірғыз ауданы қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы, комиссия төрағасы
Назарбаев Еркін	Бірғыз ауданы ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары, төраға орынбасары (келісім бойынша)
Комиссия мүшелері:	
Айтқұлов Қайрат	Бірғыз ауданы әкімі аппаратының бас маманы
Дербіс Жандос	аудандық орталық аурухананың бас хирургі, медициналық комиссияның төрағасы (келісім бойынша)
Жаспанова Жаңыл	аудандық орталық аурухананың мейірбикесі, медициналық комиссия хатшысы (келісім бойынша)
Резерв:	
Кенжебаев Дулат	Бірғыз ауданы қорғаныс істері жөніндегі бөлімі бастығының орынбасары
Сәдриев Сәбит	Бірғыз ауданы ішкі істер бөлімінің учаскелік аға инспекторы (келісім бойынша)
Комиссия мүшелері	
Өтемұратов Айдарбек	аудандық орталық аурухананың хирургі (келісім бойынша)
Әлжанова Шынасыл	аудандық орталық аурухананың мейірбикесі (келісім бойынша)
Сұлейменов Жасулан	Бірғыз ауданы әкімі аппаратының бас маманы (заңгер)
Жаңаберген Қанат	Бірғыз ауданы әкімі аппаратының жетекші маманы